

**«Магистральды Су құбыры» ЖШС
заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге
және шаруа қожалықтарына арналған
Суағызғыларға қосылу бойынша
техникалық шарттардың
бірыңғай нысаны**

«Магистральды Су құбыры» ЖШС бас директорының
_____ жылғы _____
№_____ бұйрығымен бекітілген

_____ магистральдық суағызғысының
_____ -км
_____ қосылуына берілген

№_____ **ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР**

I. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Осы «Магистральды Су құбыры» ЖШС (әрі қарай – Жеткізуші) _____ магистральдық суағызғысына қосылуға техникалық шарттар (бұдан әрі – ТШ) _____ (әрі қарай – Тұтынушы) берілді.
2. Тұтынылатын судың жалпы көлемі _____ м³/тәуліктен аспайды.
3. Тұтынушының су есептеу торабына (бұдан әрі - СЕТ) дейінгі түптік ысырмадан кейінгі желідегі су қысымы үшін Жеткізуші жауапты болмайды.
4. Объектіге қосылмас бұрын түптік ысырмаға қосылған тұтынушылардан жарұқсат ұсыну қажет. Тұтынушының объектілерін магистральдық Суағызғыға қосы жер _____ -км деп белгіленсін.
5. ТШ қолданыста болған кезеңде оны Жеткізушінің бастамасымен өзгертуге нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары өзгерген жағдайда өзгертуге рұқсат етіледі.
6. Тұтынушы мыналарды орындауға тиіс:
 - 1) ҚР ҚН 1.02-03-2022 нормаларының және осы ТШ талаптарына сәйкес Суағызғының қосылу, реттеу және судың есебін жүргізу торабы бар учаскесіне қосылуға жұмыс жобасын әзірлеуге;
 - 2) Жобаны электрондық тасушыда берілген ТШ сәйкес келетіндігін қарап тексеру үшін Жеткізушіге ұсынуға.
7. Су есептеу торабының (бұдан әрі – СЕТ) жабдықтары мен коммуникацияларын монтаждау бойынша барлық жұмыстар Жеткізуші жұмыс жүргізу жобасына келісім бергеннен кейін және Жеткізуші берген санитарлық-қорғау жолағында жұмыс жүргізуге рұқсаттың негізінде орындалады.

II. НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

8. Қосылу нүктесінде жобалық жұмыс қысымы _____ кгс/см² құрайды.
9. СЕТ және болат құбырларды коррозиядан электрохимиялық қорғаумен байланысты жабдықты жинақтау бойынша шығындарды азайту мақсатында Тұтынушыға СЕТ-тен бастап оның объектілеріне дейін пластик немесе металл пластик құбырларды қолдануды қарастыру ұсынылады. Суды біркелкі тұтыну мақсатында СЕТ-тан бастап Тұтынушының сумен жабдықтау объектілеріне дейінгі құбырдың диаметрін жобамен және 2-т сәйкес есеппен белгіленсін.
10. Жобада қосылу нүктесінде түптік ысырма оратылған ішкі өлшемдері: биіктігі 2000 мм кем емес, ұзындығы 2000 мм кем емес, ені 1500 мм кем емес темірбетон құдықтың құрылғысы қарастырылсын. Құдықтың конструкциясы саңылаусыз болуға және жер топырақ суы мен жауын-шашынның түсуін болдырмауға тиіс. Ішкі кеңістігі монтаждау, бөлшектеу және профилактикалық жұмыстарды (ТКЖЖ) жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.
11. Жобамен Суағызғыдан кемінде 25 м қашықтықта Тұтынушының СЕТ құдығын орнату көзделсін. СЕТ конструкциясы объектіні пайдалануға беру кезінде қолданылып жүрген коммерциялық су есептеу тораптарына қойылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

12. Тұтынушының СЕТ құрамында мыналар қарастырылуға тиіс:

- сериясы жоғары бекіту арматурасы;
- электрді оқшаулайтын салғы (болат құбырлар қолданылған жағдайда);
- сүзгі;
- манометрі бар қысым реттегіші;
- су есептеу аспабы;
- бекіту арматурасы;
- кері клапан.

13. Жұмыс жобасында құбырдың үлгісі, материалы және диаметрі, жабдықтың номиналдық қысымы, СЕТ бекіту арматурасының үлгісі көрсетілсін.

14. Жобада құбырға кірекесу нүктесіндегі түптік ысырмадан кейін оқшаулағыш ернемек, сондай-ақ, БӨБ (бақалау-өлшеу бағаны) орнату қарастырылсын.

15. СЕТ барлық жабдықтары (бекіту арматурасы, су есептеу аспабы және т.б.) жылытылған, саңылаусыз, жарықтандырылған жайда/күрделі үлгідегі құдықта орналастырылуға тиіс. Құдықтың алаңы техникалық күтім жасауға, жөндеуге және бақылайтын салыстырулар өткізуге жеткілікті болуға тиіс. СЕТ құдығы жайының схемасына жобалау кезеңінде Жеткізушінің келісімі алынады.

16. Жобада Тұтынушының құбырының бойы түптік ысырмадан бастап Тұтынушының соңғы объектісіне дейін тұтастай екі қабат оқшаулауды орындау қарастырылсын.

17. Жобада, заңсыз кіріп кетудің алдын алу үшін, СЕТ құдығының өрмелеуіш қақпағын жабу механизмі (құлып, бекітпе және т.б.) қарастырылсын. Өрмелеуіш қақпақ айқара ашылатын, ашық жағдайының өз бетінше жабылып қалуын мүмкінсіз қылатын бекітпесі болуға тиіс. Құдықтың кілттері Жеткізушінің өкілінде (су есебін жүргізу жөніндегі инженер/техник).

18. СЕТ-те транзиттік құбырларды, тікқұбыр бағаналарын және ағытқыштар жайғастыруға тыйым салынады. СЕТ-те орнатылған өлшеу құралдары олардың жұмысына заңсыз қол сұғудан қорғалған болуға тиіс.

19. Тұтынушы күрделі үлгідегі құдықты/жайды периметрі бойынша биіктігі кемінде 1,8 метр жинақталатын тор панельді, тіреулерінің үстіңгі жағы полимерлік жабынды тығыз тормен бұқтырылған қоршаумен қоршауға және Жеткізушімен келісілген ақпараттық және сақтандыратын белгілер орнатуға тиіс. Қоршауда жабылатын құлпы бар қақпа қарастырылсын.

20. Жобада Тұтынушының объектісінде орнатылатын бекіту арматурасымен су тұтыну режимін (о.і. ашу, жабу) реттеу қарастырылсын. Тұтынушы су босату туралы үлгілік шартқа сәйкес тәулік, ай бойы суды біркелкі алып отыруға міндетті.

21. Бекіту арматурасы мен фасондық бұйымдар түгелдей пайдалануға қосудың алдында нормативтік талаптарға сәйкес мықтылығы мен саңылаусыздығына алдын ала сынақтан өткізіліп, гидравликалық сынақ актілері берілуге тиіс. Тұтынушы жабдықтардың, материалдардың техникалық сипаттамасын, жабдықтардың, материалдардың сапасын растайтын құжаттарды беруге тиіс:

- бекіту арматурасының, жабдықтардың және суды реттеу және есебін жүргізу аспаптарының паспорттарын;
- Тұтынушының келтіру құбырын қосуға қажетті материалдарға барлық қажетті сертификаттарын.

22. Бекіту арматурасын, СЕТ жабдықтарды мен аспаптарын, фасондық бұйымдарды сатып алу, түптік ысырмамен кірекесу, құдықтарды, қоршауларды, құбырда орнату Тұтынушы есебінен.

23. Тұтынушы сипаттамасы бойынша тұтынатын судыңмөлшеріне сай келетін су есептеу аспабын таңдап алуға тиіс. Су есептеу аспабы коммерциялық есеп жүргізуге арналған, Қазақстан Республикасында өлшем бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген және Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификаты немесе ӨҚ метрологиялық аттестациясы туралы сертификаты, паспорты, жеткізу/орнату сәтіне тексеру арасындағы интервалының мерзімі жарамды тексеру туралы сертификаты, ӨҚ тексеру әдістемесі, сондай-ақ жасаған зауыттың пайдалану және жинақтау бойынша басшылығы болуға тиіс (аспапты тексеру өлшеу құралына немесе пайдалану құжаттамасына басылатын тексеру таңбасының баспа-таңбасымен және/немесе өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификатпен куәландырылады). Су есептеу аспабының үлгісіне Жеткізушінің келісімі алынады.

24. Су есептеу құралының алдында және одан кейін ұзындығы паспортқа сәйкес келетін өлшеу торабының жұмыс істеуін дұрыс қамтамасыз ететін құбырдың тікелей учаскесі қажет. Паспортта талаптар болмаған жағдайда құбырдың тікелей учаскесінің ұзындығы су есептеу құралының алдындағысының – 7Ду және одан кейінгісінің – 3Ду болуға тиіс, мұндағы (Ду) су есептеу аспабының өткізгіштігінің шартты диаметрі. Жоғарыда көрсетілген учаскеде басқа құрылғыларды орнатуға және кірекесуге тыйым салынады.

25. Жобада сумен жабдықтаудың технологиялық схемасы резервуарда (буферлік сыйымдылықта) су жиналатын және кейіннен Тұтынушының объектісіне сорғылармен берілетін болып қарастырылсын. **Суағызғыдан объектіге суды тікелей беруге тыйым салынады. Сыйымдылық судың үш тәуліктік қорын қамтамасыз етуге тиіс.**

26. Жобамен Тұтынушының күштерімен барлық жинақталатын жабдықтарға техникалық күтім жасау бойынша іс-шаралар қарастырылсын. Тұтынушы жыл сайын жасаған зауыттың техникалық құжаттамасының негізінде әзірленіп бекітілген ТК және ГЖ кестелерін Жеткізушіге табыс етеді.

27. Жеткізуші мен Тұтынушы арасындағы пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы **түптік ысырманың керу ернемегі бойынша** белгіленеді.

28. Жобаланатын объектіні қауіпсіз пайдалану бойынша технологиялық регламент әзірленсін және оған Жеткізушінің келісім алынсын.

III. ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

29. Тұтынушы жұмыс жобасымен белгілесін:

- 1) Есептеу торабын электрмен жабдықтау санатын – III санат болсын;
- 2) Қуаттау көздерін және оларды резервтеу схемаларын;
- 3) Күштік кабель желісінің трассасы тартылсын.
- 4) Жермен тартқан жағдайда кабельдердің сигналдық таспасы бар механикалық қорғау қарастырылсын.
- 5) Сымдары мыс, оқшаулауы бар, жануды таратпайтын және броньмен жасалған күштік және бақылау кабельдері қолданылсын.

- 6) Жабдықтар мен құрылыстарға қорғайтын жерлендіргіш (жиегімен) болып орындалсын. Екі диаметрльдық қарама-қарсы нүктелерде енгізілсін. Жерлендіру мыстан немесе мырышталған болаттан орындалуға тиіс.
- 7) Жабдықтар мен құрылыстарға жайтартқыш орнатылсын. Жабу аймағы және жайтартқыш биіктігі жұмыс жобасымен белгіленсін.
- 8) Жер асты құбырлардың ЭХҚ (болат құбырлар қолданылған жағдайда).
- 9) Жобамен электрді оқшаулайтын салғы орнататын орында салғының әлеуеті мен тұтастығын бақылайтын БӨА орнату қарастырылсын (болат құбырлар қолданылған жағдайда).

IV. СЕТ ДЕРЕКТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

(IV тармақ. СЕТ-тен деректерді шығаруға қойылатын талаптар жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына қолданылмайды)

30. Жобамен телекоммуникациялық жабдықтар, техникалық байланыс құралдары объектілер арасындағы қашықтық есепке алынып және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету есепке алынып, белгіленсін.
31. СЕТ-тен берілетін деректер Жеткізушінің SCADA жүйесімен интеграциялансын (SCADA жүйесінің қазіргі бар екі резервтелетін серверінде Windows Server 2012 R2, WinCC V7.4. ОЖ ПҚ орнатылған).
32. Жеткізушінің SCADA жүйесіне деректерді шығару үшін жобаланған СЕТ келесі функцияларын қарастырыңыз:
- шығысты өлшеу деректерін шығару (лездік және жинақтаушы);
 - қысымды өлшеу;
 - орындау механизмінің жай-күйі мен жағдайын бақылау;
33. Берілетін сигналдардың тізбесіне Жеткізушінің келісімі алынсын.
34. Жеткізушінің аумағында телекоммуникациялық жабдықтарды орналастыру және орнату орны жобамен белгіленсін, Жеткізушіден келісім алынсын.
35. Тұтынушы мен Жеткізуші арасындағы баланстық тиесілілік пен пайдалану жауапкершілігінің шекарасы белгіленсін.
36. Жобамен СЕТ-ті кемінде 12 сағат және Жеткізушінің объектісінде кемінде 3 сағат автономды түрде жұмыс істеу мүмкіндігі бар кепілді қуат көзі (ҮҚК – үздіксіз қуаттау көзі) қарастырылсын. Су есептеу аспабын электрмен жабдықтау ҮҚК арқылы жүзеге асырылуы тиіс.
37. Монтаждау және SCADA жүйесіне интеграциялау бойынша барлық жұмыстар жұмыс жүргізу жобасы әзірлегеннен және келісім алынғаннан кейін ғана орындалады.
38. Жеткізушінің SCADA жүйесіне деректерді беруге байланысты барлық шығыстарды Тұтынушы көтереді (ұдайы).
39. «Магистральды Су құбыры» ЖШС-қа мынадай құжаттар ұсынылсын:
- СЕТ-тен деректерді Жеткізушінің SCADA жүйесімен интеграциялау арқылы беретін байланысты ұйымдастыру бойынша жобаны;
 - өлшеу құралдарына, монтаждалатын жабдыққа техникалық құжаттама мен ҚР аумағында қолдануға сертификаттары мен рұқсаттарын.
40. Су есептеу құралы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс: лездік және жинақтаушы шығысты көрсету функциясын, деректерді архивтеуді, ішкі есептеу модульдері мен кіріс сигналдарының қосқыштарына рұқсатсыз кіруден қорғауды. Су есептеу аспабында Жеткізушінің SCADA жүйесіне лездік және жинақтау шығыстың

деректерін беруді қамтамасыз ететін бірыңғай шығыс сигналдары болуға тиіс. Су есептеу аспабының түріне Жеткізушіден келісім алынады.

VI. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

VII.

41. Суағызғының санитарлық-қорғау аймағындағы, сондай-ақ Жеткізуші объектілерінің күзетілетін аймағындағы жұмыстарды Тұтынушы бекітілген жұмыс жүргізу жобасы, ресімделген жазбаша рұқсат бар болған және Жеткізуші өкілінің қатысуымен ғана жүргізіледі.

Жеткізушінің коммерциялық СЕТ құрылысының жүрісін, қосылуын, оның жұмыс жобасына сәйкестігін, сондай-ақ, қолданылатын материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың сапасын бақылау құқығы бар.

42. Келтіру құбырын қосу Тұтынушы келесі талаптарды орындағаннан кейін жүргізілетін болады:

- берілген ТШ талаптарын толық орындау;
- Тұтынушының сумен жабдықтау объектілерінің дайын болуы;
- Тұтынушы мен Жеткізуші арасында су босату туралы шарт жасау.

43. Құбырдың Суағызғыға қосумен байланысты шығыстарды Тұтынушы көтереді.

44. Су есептеу торабы осы ТШ сәйкес тұрақты негізде тиісті күйде ұсталсын.

45. Осы ТШ қолданылу мерзімі бекітілген күннен басталатын бір жылды құрайды.

**Бас директордың
өндіріс жөніндегі орынбасары**

Коммерция жөніндегі басқарушы директор

ӨТД директоры

СЖеЕД директоры

ТПБАЖМжБД директоры

МжАҚС бастығы

ӨТД ПжСҚС менеджері